

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінің және Қазақстан Республикасының аумағындағы стационарлық көліктік бақылау бекеттерінің тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 9 шілдедегі № 697 қаулысы.

"Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 3-тармағына және "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы" 2013 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінің және Қазақстан Республикасының аумағындағы стационарлық көліктік бақылау бекеттерінің тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

С. Ахметов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 9 шілдедегі
№ 697 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінің және Қазақстан Республикасының аумағындағы стационарлық көліктік бақылау бекеттерінің тізбесі

1. Қазақстан Республикасы қалаларының әуежайларында халықаралық авиатасымалдар үшін ашық өткізу пункттері

Ескерту. 1-кіші бөлімге өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 24.10.2014 № 1134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), ҚР Үкіметінің 19.12.2014 № 1328 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.08.2017 № 509 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 01.08.2019 № 567; 03.12.2020 № 818 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін

күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi); 01.03.2024 № 146 (алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi) қаулыларымен.

| | |
|-----------|------------------|
| Астана | Астана қаласы |
| Алматы | Алматы қаласы |
| Қарағанды | Қарағанды қаласы |
| Жезқазған | Жезқазған қаласы |
| Ақтау | Ақтау қаласы |
| Ақтөбе | Ақтөбе қаласы |
| Атырау | Атырау қаласы |
| Орал | Орал қаласы |
| Қостанай | Қостанай қаласы |
| Петропавл | Петропавл қаласы |
| Павлодар | Павлодар қаласы |
| Семей | Семей қаласы |
| Өскемен | Өскемен қаласы |
| Шымкент | Шымкент қаласы |
| Тараз | Тараз қаласы |
| Қызылорда | Қызылорда қаласы |
| Көкшетау | Көкшетау қаласы |
| Түркістан | Түркістан қаласы |

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы теңiздегi және өзендегi өткiзу пункттерi

Ескерту. 2-бөлімге өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 30.01.2017 № 26 (қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi) қаулысымен.

1) теңiздегi халықаралық өткiзу пункттерi:

көпжақты қатынастар үшін ашық:

| | |
|---------|---------------------------------|
| Ақтау | Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы |
| Баутино | Маңғыстау облысы, Баутино кенті |
| Құрық | Маңғыстау облысы, Құрық кенті |

2) Ресей Федерациясымен шекара арқылы өзендегi өткiзу пунктi:

екiжақты қатынастар үшін ашық:

Үрлiтөбе

Павлодар облысы

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы теміржол өткiзу пункттерi

Ескерту. 3-бөлімге өзгерістер енгізілді – ҚР Үкіметінің 17.07.2017 № 433 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi);

01.03.2024 № 146 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

1) Ресей Федерациясымен шекара арқылы теміржол жүк-жолаушы өткізу пункттері: көпжақты қатынастар үшін ашық:

| | |
|---------------|----------------------------|
| Ганюшкино | Атырау облысы |
| Жайық | Батыс Қазақстан облысы |
| Сайқын | Батыс Қазақстан облысы |
| Жәнібек | Батыс Қазақстан облысы |
| Шыңғырлау | Батыс Қазақстан облысы |
| Қыргелді | Ақтөбе облысы |
| Жайсаң | Ақтөбе облысы |
| Ақсу | Қостанай облысы |
| Боскөл | Қостанай облысы |
| Қайрақ | Қостанай облысы |
| Мағынай | Қостанай облысы |
| Пресногорьков | Қостанай облысы |
| Мамлютка | Солтүстік Қазақстан облысы |
| Булаев | Солтүстік Қазақстан облысы |
| Уәлиханов | Павлодар облысы |
| Мыңкөл | Павлодар облысы |
| Шарбақты | Павлодар облысы |
| Ауыл | Абай облысы |
| Шемонаиха | Шығыс Қазақстан облысы |
| Жезкент | Шығыс Қазақстан облысы |

2) Өзбекстан Республикасымен шекара арқылы теміржол жүк-жолаушы өткізу пункттері:

көпжақты қатынастар үшін ашық:

| | |
|----------|---------------------------|
| Оазис | Маңғыстау облысы |
| Сарыағаш | Оңтүстік Қазақстан облысы |

Өзбекстан Республикасымен шекара арқылы теміржол жүк өткізу пункті: көпжақты қатынастар үшін ашық:

| | |
|-----------|---------------------------|
| Мақтаарал | Оңтүстік Қазақстан облысы |
|-----------|---------------------------|

3) Қырғыз Республикасымен шекара арқылы теміржол жүк-жолаушы өткізу пункттері:

көпжақты қатынастар үшін ашық:

| | |
|----------|---------------|
| Шалдыбар | Жамбыл облысы |
|----------|---------------|

4) Қытай Халық Республикасымен шекара арқылы теміржол жүк-жолаушы өткізу пункттері:

көпжақты қатынастар үшін ашық:

| | |
|----------|---------------|
| Достық | Жетісу облысы |
| Алтынкөл | Жетісу облысы |

5) Түрікменстанмен шекара арқылы теміржол жүк-жолаушы өткізу пункттері:

көпжақты қатынастар үшін ашық:

| | |
|---------|------------------|
| Болашақ | Маңғыстау облысы |
|---------|------------------|

4. Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттері, сондай-ақ тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізетін өзге де орындар және Қазақстан Республикасының аумағындағы стационарлық көліктік бақылау бекеттері

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 01.03.2024 № 146 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. 4-бөлімге өзгерістер енгізілді – ҚР Үкіметінің 17.07.2017 № 433 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.09.2018 № 577 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 01.08.2019 № 567 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 01.03.2024 № 146 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

1) Қытай Халық Республикасымен шекара арқылы халықаралық өткізу пункттері:

көпжақты қатынастар үшін ашық:

| Нұр Жолы | Жетісу облысы |
|-------------|------------------------|
| Достық | Жетісу облысы |
| Көлжат | Алматы облысы |
| Бақты | Абай облысы |
| Майқапшағай | Шығыс Қазақстан облысы |

2) Ресей Федерациясымен шекара арқылы халықаралық өткізу пункттері:

көпжақты қатынастар үшін ашық:

| Құрманғазы | Атырау облысы |
|------------|------------------------|
| Таскала | Батыс Қазақстан облысы |
| Сырым | Батыс Қазақстан облысы |
| Ақсай | Батыс Қазақстан облысы |
| Әлімбет | Ақтөбе облысы |
| Жайсаң | Ақтөбе облысы |

| | |
|-----------|----------------------------|
| Қайрак | Қостанай облысы |
| Ақбалшық | Қостанай облысы |
| Жаңа жол | Солтүстік Қазақстан облысы |
| Қарақоға | Солтүстік Қазақстан облысы |
| Қызыл Жар | Солтүстік Қазақстан облысы |
| Үрлітөбе | Павлодар облысы |
| Қосақ | Павлодар облысы |
| Шарбақты | Павлодар облысы |
| Ауыл | Абай облысы |
| Үбе | Шығыс Қазақстан облысы |
| Жезкент | Абай облысы |

екіжақты қатынастар үшін ашық:

| | |
|----------------|-------------------------------|
| Жәнібек | Батыс Қазақстан облысы |
| Орда | Батыс Қазақстан облысы |
| Шаған | Батыс Қазақстан облысы |
| Қарашатау | Ақтөбе облысы |
| Қондыбай | Қостанай облысы |
| Желқуар | Қостанай облысы |
| Аят | Қостанай облысы |
| Обаған | Қостанай облысы |
| Бидайық | Солтүстік Қазақстан облысы |
| Амангелді | Павлодар облысы |
| Найза | Павлодар облысы |
| Байтанат | Абай облысы |
| Қоянбай | Абай облысы"; |

3) Өзбекстан Республикасымен шекара арқылы халықаралық өткізу пункттері:
көпжақты қатынастар үшін ашық:

| | |
|--------------|---------------------------|
| Тәжен | Маңғыстау облысы |
| Жібек Жолы | Оңтүстік Қазақстан облысы |
| Б. Қонысбаев | Оңтүстік Қазақстан облысы |
| Қапланбек | Оңтүстік Қазақстан облысы |
| Қазығұрт | Оңтүстік Қазақстан облысы |
| Атамекен | Оңтүстік Қазақстан облысы |

екіжақты қатынастар үшін ашық:

| | |
|----------|---------------------------|
| Целинный | Оңтүстік Қазақстан облысы |
| Сырдария | Оңтүстік Қазақстан облысы |

4) құпия;

5) Түрікменстанмен шекара арқылы халықаралық өткізу пункттері:
көпжақты қатынастар үшін ашық:

| | |
|-----------|------------------|
| Темірбаба | Маңғыстау облысы |
|-----------|------------------|

6) Қазақстан Республикасының аумағындағы стационарлық көліктік бақылау бекеттері:

| Р/с № | Бекеттің атауы | Облыстың немесе қаланың атауы | Автожолдың атауы |
|-------|----------------|-------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. | Еркін | Жетісу | Алматы – Өскемен, 270 км |
| 2. | Қарабұтақ | Ақтөбе | Самара – Шымкент, 965 км |
| 3. | Молодежный | Қарағанды | Қызылорда – Павлодар – Успенка – Ресей Федерациясының шекарасы, 1066 км |
| 4. | Семей | Абай | Омбы – Майқапшағай, 757 км |
| 5. | Қарабалық | Қостанай | Ресей Федерациясының шекарасы (Екатеринбургке) – Алматы, 422 км |
| 6. | Бейнеу | Маңғыстау | Доссор – Құлсары – Бейнеу – Сай – Өтес – Шетпе – Жетібай – Ақтау порты, 844 км |
| 7. | Мамлютка | Солтүстік Қазақстан | Челябинск – Новосибирск, 496 км |
| 8. | Қызыл Жар | Астана | Екатеринбург – Алматы, 1281 км |

Қазақстан Республикасы
 Үкіметінің
 2013 жылғы 9 шілдедегі
 № 697 қаулысына
 қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір күші жойылған шешімдерінің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасындағы темір жол өткізу пункттерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 3 шілдедегі № 648 қаулысы.

2. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттерінің және Қазақстан Республикасының аумағындағы стационарлық көліктік бақылау посттарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 ақпандағы № 238 қаулысының 1-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 10, 128-құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 3 шілдедегі № 648 және 2004 жылғы 27 ақпандағы № 238 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 23 желтоқсандағы № 1275 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 49, 630-құжат).

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 ақпандағы

№ 238 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 11 шілдедегі № 652 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 25, 260-құжат).

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 ақпандағы № 238 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 28 маусымдағы № 655 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 39, 352-құжат).

6. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 ақпандағы № 238 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 5 қарашадағы № 1164 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 59, 576-құжат).

7. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттерінің және Қазақстан Республикасының аумағындағы стационарлық көліктік бақылау посттарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 ақпандағы № 238 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 тамыздағы № 1082 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 67, 959-құжат).

8. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасындағы темір жол өткізу пункттерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 3 шілдедегі № 648 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы № 1608 қаулысы.

9. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінің және Қазақстан Республикасы аумағындағы стационарлық көліктік бақылау посттарының тізбесін бекіту туралы" "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 ақпандағы № 238 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 19 наурыздағы № 258 қаулысы.